

## ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДА ТӘРБИЕЛЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ МЕКЕМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНИ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ.  
21 сәуір 1994 ж. N 415. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.21. N 1335  
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ерекше жағдайда тәрбиелеуді қажет ететін балалар мен жасөспірімдер  
үшін арнаулы оқу-тәрбие мекемелері туралы қоса беріліп отырған ереже  
бекітілсін.

2. "СССР Министрлер Советінің "Кәмелетке толмағандарға арналған тәрбие  
колонияларын арнайы мектептер мен арнайы кәсіптік-техникалық училищелер  
етіп қайта құру туралы" 1964 жылғы 31 шілдедегі N 635 қаулысын жүзеге асыру  
жөніндегі шаралар туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 28  
қыркүйектегі N 672 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 21 сәуірдегі  
N 415 қаулысымен  
Бекітілген

**Ерекше жағдайда тәрбиелеуді қажет ететін балалар мен  
жасөспірімдер үшін арнаулы оқу-тәрбие мекемелері туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Балалар мен жасөспірімдерді ерекше жағдайда тәрбиелеу мақсатындағы  
арнайы жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер,  
қоғамға жат қылыштары мен қылмысқа бейім балалар мен жасөспірімдерді  
оқытып-тәрбиелеуге арналған Қазақстан Республикасы Білім министрлігі  
жүйесінің арнайы мекемелері.

Кемтар және мүгедек, ақыл-есі кем балалар арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне

ж і б е р і л м е у і

к е р е к .

Арнаулы мекеме өз қызметінде осы ережені және басқа да құжаттарды  
б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

Қызметті гуманистік сипаттағы арнаулы мекеме кәмелетке толмаған  
балаларды қайта тәрбиелеу мен оқыту, белсенді еңбек ету мен мамандықты  
саналы түрде таңдаулы үйрету жөнінде әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу  
жұмысын жүзеге асыруға міндettі.

Арнаулы мектептер мен арнаулы қәсіптік-техникалық училищелерді құру,  
қайта құру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы"  
заңына сәйкес белгіленеді. Арнаулы мекемені құру, қайта ұйымдастыру және  
тарату туралы шешімді жергілікті өкімет органдары қабылдайды.

2. Арнаулы мекеме жасөспірімдерді тәрбиелеудің ерекше жағдайлары мен  
педагогикалық тәртібі былай белгіленеді:

күн тәртібі, оқу жүйесі, оқушыларды еңбек өндірісіне және бос уақытын  
ұйымдастыруға қатыстыра отырып, олардың пайдалы іспен шұғылдануын  
қамтамасыз ететін тәрбие жұмысы;

оқушылардың өз мінез-құлқы мен тәртібіне жоғары жауапкершілікпен  
қ а р а у ы ;

оқушыларды тәулік бойы педагогикалық қадағалау және бақылау;

әкімшіліктің тиісті рұқсатынсыз оқушылардың арнаулы мекеме ауласынан өз  
бетінше шығып кетпеуі.

3. Арнаулы мекеме Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, облыстық (Алматы қалалық) білім басқармаларының қарамағында болады.

Арнаулы мекеменің қызмет территориясы орналасқан облыстық білім  
басқармалары, аудандық, қалалық білім бөлімдері ведомстволық бақылауды  
жүзеге асырады, оған білікті кадрларды іріктеуде, оқу-тәрбие жұмысы мен  
ұйымдастыру-шаруашылық қызметтің жолға қоюда көмек көрсетеді.

4. Жергілікті өкімет органдарының кәмелетке толмаған балалар істері  
жөніндегі комиссиясы арнаулы мекеменің қызметіне мемлекеттік бақылау  
жасайды және оған қажетті көмек көрсетеді.

Арнаулы мекеменің қызметінде Қазақстан Республикасының зандарын  
орындаудын прокуратура органдары қадағалайды.

5. Арнаулы мекеме үлдар (жігіттер) және қыздар (бойжеткендер) үшін бөлек  
құрылады. Барлық оқушылар саны, ережеде көрсетілгендей, 200 адамнан аспауы  
к е р е к .

Оқу сыныбындағы оқушылар саны 20 адамнан, ал өндіріске үйрететін оқу  
тобында 10 адамнан аспауы керек.

Құрамында 20 оқушысы бар әрбір топқа 2 тәрбиеші қарайды.

6. Арнаулы мекемелерде оқушыларды асырауға жұмсалған шығынды ішінара өтеу үшін ата-аналарынан белгіленген тәртіп бойынша ақы алынады. Аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардағы ата-аналар үшін белгіленген ақы кемітілуі мүмкін, бірақ 50 проценттен асырылмауы тиіс.

Ата-анасы жоқ, сондай-ақ қамқорлыққа алынған балаларды мемлекет толық қамтамасыз етеді.

7. Арнаулы кәсіптік-техникалық училище жанынан жалпы білім беретін мектеп құрылады.

8. Арнаулы мекеме жанынан белгіленген тәртіп бойынша денсаулық сақтау пункті құрылады (дәрігерлік-санитарлық бөлім) және кешкі, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері орта медицина қызметкерлерінің кезекшілігін қамтамасыз ету үшін қажетті медицина қызметкерлерінің штаты белгіленеді. Денсаулық сақтау пункті арнаулы мекеме директорының және жергілікті денсаулық сақтау органдарының басшылығымен жұмыс істейді.

Қажетті жағдайларда арнаулы мекеме өзге де медицина мекемелерінің  
көмегін пайдаланады.

Арнаулы мекеменің емдеу-профилактикалық және эпидемияға қарсы жұмысы "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүргізіледі.

9. Оқытуда, тәрбиелеуде, еңбек және өндіріс оқуын ұстау мен ұйымдастыруда арнаулы мекемеге қамқорлық жұмысын ұйымдастыру үшін жергілікті өкімет органдарынан негізгі (қамқоршы) кәсіпорынның, қаладағы, облыстағы кәсіподак, жастар және басқа қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен жұртшылық кеңесі құрылуы мүмкін. Кеңестің құрамына директор немесе оның орынбасары, педагогикалық ұжымның өкілдері, ата-аналар кіреді.

## **II. Арнаулы мекемеге оқушыларды қабылдау, бітіртіп шығару және оларды жұмысқа орналастыру тәртібі**

10. Кәмелетке толмаған, құқық бұзған 11-ден 14 жасқа дейінгі балалар - арнаулы жалпы білім беретін мектепке, 14-тен 18 жасқа дейінгі балалар арнаулы кәсіптік-техникалық училищеге, соттың шешімі бойынша арнаулы мекемеге жіберіледі.

11. Арнаулы мекемеге жіберілген кәмелетке толмаған балалардың дербес іс-қағаздарын ресімдеу "Ерекше жағдайда тәрбиелеуді қажет ететін балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мекемелеріне жіберілетін кәмелетке толмаған балалардың дербес іс-қағаздарын ресімдеу тәртібі туралы" нұсқауға сәйкес жүргізіледі.

12. Арнаулы мекемеге қабылдауға мекеме директоры басқарған комиссия  
жыл бойы жүргізе беді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді арнаулы мекемеге жеткізу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу жүйесі арқылы, белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

13. Арнаулы мекемеге түскен кәмелетке толмағандар медицина және педагогика қызметкерлерінің бақылауымен 10 күн мерзімге дейін карантин бөлімшесіне орналастырылады.

Кәмелетке толмағандарды сыныпқа бөлу білім жөніндегі құжаттар негізінде жүргізіледі, ондай құжаттар болмаған ретте немесе даулы жағдайда олардың білім дәрежесін тексеру арқылы анықталады. Қабылдау мектеп директорының бүйрығымен рәсімделеді.

14. Арнаулы мекеменің әкімшілігі кәмелетке толмағандар түскеннен кейін бұл туралы 10 күн ішінде ата-анасына немесе оларды алмастырғандарға, сондай-ақ соңғысының тұрган жеріндегі кәмелетке толмағандар жөніндегі қалалық және аудандық ішкі істер бөліміне жазбаша түрде білдіруге тиіс және арнаулы мекеменің мекен жайын хабарлауы керек.

15. Окушы өз бетімен кетіп қалса, арнаулы мекеменің басшылары сол мекеме орналасқан аймақтағы ішкі істер бөліміне бұл туралы дереу хабарлайды және соңғысымен бірге баланы іздеуге және қайтаруға шаралар қолданады.

16. Окушылар жаппай тәртіпсіздік жасап, өз бетімен топтанып кетіп қалса, қылмыс жасаса, арнаулы мекеменің әкімшілігі мұндай төтенше оқиға туралы облыстық білім және ішкі істер басқармаларына, тиісті министрліктерге тез арада хабарлайды, ондай тәртіпсіздікті болдырмау жөнінде қабылданған шараларды мәлімдейді.

17. Кәмелетке толмағандар түзелгенге дейін арнаулы мекемеде, бірақ үш жылдан аспайтын уақыт бойы және 15 жасқа толғанға дейін - арнаулы мектепте, ал 18 жасқа толғанша арнаулы кәсіптік-техникалық училищеде болады.

18. Окушының арнаулы мекемеде болып тұруы жөніндегі мәселе жылына бір рет сottың өз инициативасы бойынша, мекеменің өзін-өзі басқару органдарының немесе окушының ата-анасының, не оларды алмастырғандардың өтініштері бойынша қаралады.

19. Окушыларды арнаулы мекемеден шығару мекеменің директоры бекіткен кеңес шешімі негізінде арнаулы мекеме тұрган жердегі сottың қаулысы бойынша жүргізіледі.

Түзелу жолына шындалап түскен окушылар арнаулы мекемеден аталған негізге сәйкес мерзімінен бұрын, бірақ мекемеде 6 ай болғаннан кейін ғана босатылуы мүмкін.

Окушыларды, соның ішінде үнемі тәртіп бұзушыларды да арнаулы мекеменің

бірінен екіншісіне ауыстыру ерекше жағдай ретінде тек мекеме әкімшілігінің өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің рұқсатымен жүргізіледі.

20. Арнаулы мекеменің әкімшілігі оқушыны босатқанға дейін бір ай мерзімнен кешіктірмей, жасөспірімді одан әрі жұмысқа орналастыру туралы қабылданған шаралар жөнінде жасөспірімдердің тұратын жеріндегі ішкі істер органдары мен білім бөліміне хабарлауға міндетті.

21. Босатылу кезінде 16 жасқа толмаған оқушылар, ал 18 жасқа толмай босатылған жетімдер одан әрі тұратын жеріне ата-аналарына немесе оларды алмастырғандарға немесе арнаулы мекеменің қызметкерлеріне қосып жіберіледі.

22. Арнаулы мекеме босатылғандарды маусымға сәйкес заттай мұлікпен және шаруашылыққа қажет заттармен белгіленген нормаға сәйкес қамтамасыз етіп, тапқан ақшаларын қолма-қол береді.

Жетімдерге және ата-аналардың қарауынсыз қалғандарға материалдық көмек көрсетіледі.

23. Жетім оқушыларды және ата-аналарының қарауынсыз қалған балаларды арнаулы мекемеден босатқан кезде олардың баратын жеріне дейінгі жүріс билетін, ішіп-жайтін тамағы мен тиісті заттарын, ақшасын, дербес құжаттарын, білімі мен еңбекке даярлығы туралы куәлігін немесе анықтамасын, мінездемесін ертіп жүрушіге береді.

24. Арнаулы мекеменің әкімшілігі оқушының тұратын жеріне жеткен-жетпегенін тексеруді ұйымдастырады, өздерінің бұрынғы оқушылары жұмыс істейтін немесе оқытын кәсіпорындарымен, оку орындарымен, сондай-ақ олардың жұмысы, оқуы мен мінез-құлқы туралы ішкі істер органдарының қемелетке толмағандардың істері жөніндегі тиісті бөлімшелерімен жыл бойы хат жазысып тұрады. Қемелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімше оның келгені, одан әрі оқуы мен жұмысқа орналасқаны туралы мекемеге хабарлайды.

25. Арнаулы кәсіптік-техникалық училищені бітіргендеге тұратын жері бойынша паспорт жүйесі туралы қолданылып жүрген ережеге сәйкес паспорт беріледі.

### **III. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру**

26. Арнаулы мекемедегі оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекіткен жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

27. Арнаулы мекеменің оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу олардың жас және өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, әр саладағы өндірістік және қоғамдық-пайдалы еңбекке, түрлі үйірме және спорт жұмыстарына кеңінен қатыстыра отырып, жеке-жеке жүргізіледі.

28. Педагогикалық тәрбие түрғысынан артта қалып қойған оқушылар үшін мекеменің кеңесі бекіткен білімді теңестіру бағдарламасы қолданылады. Өз бетінше даярлану дәрістері күн тәртібі белгіленген сағаттарда арнайы бөлініп, берілген жерде педагогтардың басшылығымен жүргізіледі.

29. Арнаулы мекеменің оқушыларын ауыл шаруашылық, шаруашылық және басқа да жұмыстарға, оқу процесіне байланыссыз әр түрлі бастамаларға жіберуге тыйым салынады.

30. Арнаулы мекемеде еңбекке баулу мен тәрбиелеу балалар мен жасөспірімдерді қайта тәрбиелеудің жетекші құралы болып табылады. Бұл оқу-өндіріс шеберханаларында және ауыл шаруашылығының қосалқы оқу-тәжірибе бөлімшелерінде жасы мен шамасына қарай күніне 2-ден 4-сағатқа дейін жүргізіледі.

31. Оқушылар өндірістік оқу процесінде оқу бағдарламаларының талаптарына жауап беретін өндірістік тапсырыстарды орындауы мүмкін.

32. Арнаулы мекемедегі оқушылардың өндірістік практикасы жалпы білім беретін мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларының Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекіткен өндірістік практикасы туралы ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады.

Оқушылар өндірістік практиканы арнаулы мекеменің оқу өндірістік шеберханаларында, ал жекелеген жағдайларда тікелей кәсіпорындарда өткізеді.

33. Арнаулы мекеменің оқушылары өндірістік практиканы өткіzetін кәсіпорындар, ұйымдар оқушыларға қажет мынадай жағдайларды жасайды:

қызмет орындарын бөледі, оқушыларды оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес жұмыс көлемімен қамтамасыз етеді, оқушылардың өндірісте жұмыс істеуі үшін қауіпсіз жағдайлар жасайды;

оқушыларға өндірістік практика кезінде тиісті мамандықтағы жұмысшылар үшін белгіленген нормалар бойынша арнаулы киім мен аяқ киім, дербес қорғану құралдарын және арнаулы тамақ береді;

өз есебінен немесе өзінің транспорт құралдарымен оқушыларды өндірістік практика өтетін жерге апарып-әкелуді қамтамасыз етеді.

34. Өндірістік оқу процесінде оқушылар әзірлеген өнім үшін, сондай-ақ өндірістік практика кезінде орындалған жұмыс үшін оқушыларға белгіленген тәртіп бойынша ақшалай қаржы төленеді.

35. Оқушылар кәсіптік оқуды бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасы Білім министрлігі белгілеген тәртіп бойынша біліктілік жөнінде емтихан т а п с ы р а д ы .

Біліктілік емтиханын тапсырған оқушыларға өндіріс маманы атағы беріліп, белгіленген үлгідегі аттестат тапсырылады.

36. Мектептің оныншы (он бірінші) сыныбын бітірген арнаулы мекеменің оқушылары білімі туралы тиісті күәлік немесе білімі туралы аттестат алады, бұлар дербес іс-қағаздарында сакталады немесе училищені бітіріп шыққаннан кейін қолхат арқылы олардың қолдарына беріледі. Арнаулы мекемеден босатылған кезде басқа оқушыларға барлық пәннен алған бағалары көрсетіліп, белгілі бір сыныпта оқығаны туралы анықтама беріледі.

37. Арнаулы мекемеде мынадай ынталандыру шаралары белгіленеді:

- ауызша немесе бұйрық түрінде алғыс жариялау және ол тәрбиеленушінің жеке іс қағазының ішінде салынады;

- бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастау;

- грамотамен, затпен, сыйлықпен марапаттау;

- құрмет тақтасына немесе "Мектептің үздік оқушысы" кітабына жазу;

- ата-аналарымен, туган-туысқандарымен телефон арқылы сөйлестіру;

шегінен шығуға рұқсат ету;

- ата-аналарына немесе бұрынғы оқыған жеріне оқушының жақсы тәртібі, оның оқудағы және еңбектегі табысы туралы хабарлау;

- каникул кезінде қысқа мерзімге (7 тәулікке дейін), ал жазғы кездері бір айға дейінгі мерзімге ата-анасына немесе оларды алмастырушыларға барып келуге рұқсат ету;

- оқушылардың үздік ұжымына (сыныбына, тобына) вымпелдер, грамоталар т.б. тапсыру;

- "Үздік маман", "Мектептің үздік оқушысы", "Мектептің үздік спортшысы" т.б. атақтар бару;

- озат оқушылар немесе оқушылар топтары әдістемелік (педагогикалық) кеңестің мекеменің өзін-өзі басқаратын активі туған өлкеге, елімізге туристік сапарлардың жолдамаларын сыйлау, театрға жіберу т.б.

38. Күн тәртібін және "Оқушылардың мінез-құлық ережелерін" бұзған оқушыларға мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

- ескертпе;

- ауызша сөгіс беру немесе арнаулы мекеме директорының бұйрығымен оқушылар сапының алдында сөгіс жариялау;

- оқушылардың, топтың, сыныптың жалпы жиналышында, әдістемелік (педагогикалық) кеңесте, арнаулы мекеменің кеңесінде талқыла салу;

- оқудан бос уақытта ұйықтауға дейін (бір сафаттан артық емес) арнаулы мекеменің үй-жайлары мен аумағын (қоғамдық пайдалану орындарын қоспау керек) кезектен тыс тазарту кезекшілігін жасау;

- тәртіптік жазалау бөлмесіне екі тәулікке дейін жауып қою. Тәртіптік жазалау бөлмесіне орналастыру мен ұстау шарттары тәртіптік жазалау бөлмесі

**туралы ережемен белгіленеді;**

- арнаулы мекеменің шегінен бір ай бойы еркін шығуға тыйым салу.

Осы ережеде көзделмеген жазалау шараларын қолдануға жол берілмейді.

39. Арнаулы мекеменің директоры, оның орынбасарлары, мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушыларға ауызша алғыс жариялауға, ескертпе жасауға немесе ауызша сөгіс беруге құқылы. 37 және 38 тармақтарда көрсетілген ынталандыру мен жазалаудың басқа шараларын мектеп директоры немесе оның орынбасарлары қолдана алады.

40. Арнаулы мекеменің әкімшілігі оқушыларға ата-аналары немесе оларды алмастырушылары, жақын туыстары қайтыс болған ретте 7 тәулікке дейін (жолын қоспағанда) қысқа мерзімді демалыс беруге құқылы.

41. Арнаулы мекеменің директоры, оның орынбасарлары, мұғалімдер, тәрбиешілер оқушылардың ата-аналарымен немесе оларды алмастырушылармен хат жазысу, жеке әңгімелесу, ата-аналардың жиналыстарын өткізу арқылы үнемі

**ба й л а н ы с ы п тұра ды .**

Оқушыларға ата-аналарының немесе оларды алмастырушыларының келіп-кетуіне құн тәртібіне белгіленген уақыт бойынша және арнаулы оқу орны әкімшілігінің рұқсаты арқылы жол беріледі.

42. Оқушыларға белгіленген тәртіп бойынша хат-хабар жазысуға, заттар, посылкалар, бандерольдар алып тұруға (рұқсат етілген заттар мен азық-тұліктердің тізбесіне сәйкес), ақша аударуға рұқсат етіледі.

Оқушылардың ақшалай қаржыларын жұмсау арнаулы мекеме тәрбиешілерінің рұқсаты және бақылауы бойынша жүргізіледі.

43. Оқушылардың сақтауына тыйым салынатын заттардың бар екенине көзі жеткен жағдайда мекеме әкімшілігі оқушылардың заттарын, ата-аналары, таныстары мен туыстарынан келген сәлемдемелерді хаттама жаза отырып тексеруіне құқы бар.

44. Арнаулы мекеменің аумағында сенбіліктер, жаппай тазалау жасағанда, өзіне-өзі қызмет көрсету жұмыстарын жүргізгенде оқушылардың денсаулығына қауіпті орындарды және қоғамдық пайдалану орындарын жинап-тазалауға тыйым салынады.

#### **IV. Арнайы мекемелерге басшылық жүргізу**

45. Арнайы мекемелерге басшылық жүргізу дара басшылық және әріптестік принципіне негізделеді. Арнайы мекемелердің оқу процесіне және қунделікті іс-шараларына тікелей мекеме директоры басшылық етеді. Директорды сайлау және жұмыстан босату мамандыққа баға беру тарифінің талаптарына сай облыстық білім басқармалары мен Алматы қалалық білім басқармасы арқылы жүзеге асырылады.

46. Арнайы мекемелерге жалпы басшылықты сайлау үйімі - Кеңес жүргізеді , оның құрамына мұғалімдер ұжымынан, 5-11 сынып оқушылары және ата-аналар (немесе ата-ана орнындағы) мен қоғамдық үйымдардың өкілдері енеді . Кеңестің сайлау тәртібін және жұмысын мекеме Жарғысы анықтайды.

47. Арнайы мектептің әкімшілігін мұғалімдер құрамы мен басқа қызметкерлерін мамандыққа баға беру тарифі негізінде Кеңес және кәсіподақ үйімімен келісе отырып мекеме директоры тағайындаиды.

48. Арнайы мекеме директорынан тәртіп (режим) жөніндегі көмекшісін, тәртіп (режим) бойынша аға кезекші және тәртіп (режим) кезекшісін педагогтік немесе зангерлік білімі бар және балалармен жұмыс тәжірибесі мол мамандардан мекеме директорын тағайындаиды.

Кезекші мен аға кезекшінің (режим бойынша) саны жалпы оқушылары санының 10% негізінде анықталады.

49. Арнайы мекеменің аға тәрбиешісін балалар коллективінің жақсы басшысы ретінде өз бейімділігін таныта білген жоғарғы білімді педагог мамандар арасынан әрбір 4 сынапқа (тәрбие топтары) мекеме директоры тағайындаиды.

50. Еңбек шебері (ұстаз-тәрбиеші) мен кәсіптік оқу шебері жоғарғы білімді немесе орта арнайы білімді ғана емес, сонымен қатар атаулы мамандық бойынша жоғарғы кәсіптік тәжірибесі бар маман болуы керек.

51. Арнайы мекеменің дәрігерлік бөлімше менгерушісі мен медицина қызметкерлерін қалалық, аудандық деңсаулық сақтау бөлімімен келісе отырып штат кестесіне байланысты мекеме директоры тағайындаиды.

52. Арнайы мекеменің психология жоғарғы білімі бар педагогтік психологиядан, психодиагностикадан, психокоррекциядан және жалпы психологиядан арнаулы дайындығы бар мамандар қатарынан директор тағайындаиды.

53. Осы ереженің негізінде, Қазақстан Республикасы "Білім беру туралы" Заңының және бақса да нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып арнайы мекеме өзінің Жарғысын дайындаиды. Жарғыда ұжымның міндеттері мен құқықтары, Кеңестің өкілділігі және заңға қайшы келмейтін арнайы мекеменің жұмысына жағдай туғызатын мәселелер анықталады.

## **V. Арнаулы мекеменің қаржы және материалдық-техникалық базасы**

54. Арнаулы мекеменің ақша қаражаты бюджет қаржысынан және басқа көздерден түсетін өз қаржысынан құралады.

55. Облыстық білім басқармаларының органдары аймақтық қажеттілік пен жағдайларға байланысты көтеріңкі нормативтер белгілеуі және осы нормативтерге сәйкес арнаулы мекемеге қосымша қаржы бөлуі мүмкін.

56. Арнаулы мекеменің өз қаржылары мынадай көздерден құралады:

- шаруашылық қызметтен, ақылы қызмет көрсетуден түскен табыстардан;
- мемлекеттік, қоғамдық, кооператив және өзге ұйымдардың, цехтардың, өндірістік бригадалардың, ата-аналар мен басқа да азаматтардың ерікті жарналарынан ;
- министрліктердің, ведомстволардың, базалық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық және кооперативтік ұйымдардың арнайы бөлгөн қаржыларынан ;
- банк кредиті мен басқа да түсімдерден.

Арнаулы мекемелер белгіленген тәртіп бойынша бекітілген бағалар мен тарифтер бойынша, ал ондай бағалар тарифтер жоқ кезде келісімді бағалар бойынша халықта ақылы қызмет көрсетуі мүмкін.

Жергілікті өкімет органдары арнаулы мекеме көрсеткен ақылы қызметтің жүзеге асуы жөніндегі мемлекеттік тапсырыстардың орындалуы туралы қызметтердің көлемін есептеріне енгізуі мүмкін.

Жоғары тұрган органдардың арнаулы мекемеге ақылы қызметтерді дамыту жөнінде қандай бір нысанда болмасын жоспарды тапсырмалар белгілеуіне жол берілмейді.

57. Ақша қаржылары Қазақстан Республикасындағы кез келген банк бөлімшелерінің шоттарына аударылып, сақталады.

58. Арнаулы мекемеде бухгалтердің және статистикалық есепті жүргізу тәртібі қолданылып жүрген зандармен белгіленеді.

59. Арнаулы мекеменің қызметкерлеріне ақы төлеу және оларды материалдық ынталандыру белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

60. Бюджет арқылы қаржыландаудың арнаулы мекемелерге, дербес түрде еңбекақы төлеу, үстеме ақының, қосымша ақының, сыйлықтар мен басқа да ынталандыру сипатындағы төлемдердің нысаны мен жүйесін белгілеу сондай-ақ құрылым мен штатты әртүрлі дәрежедегі қызметкерлердің сандық қатынасын есепке алмай, еңбекақы төлеуге бөлінген бюджеттік қаржылар шегінде белгілеу құқығы

б е р і л г е н .

Сонымен бірге мекеме басшыларына осы мекемелердің қызметкерлеріне сыйлық беру туралы ережені кәсіподақ комитеттерімен келісе отырып бекіту құқығы

б е р і л г е н .

Басшы қызметкерлерге берілетін сыйлықтың көрсеткіштерін, мөлшері мен мерзімін жоғары тұрган басқару органы тиісті кәсіподақ комитетімен келісе отырып белгілейді.

61. Арнаулы мекеме транспорт пен телефон байланысы бар елді мекенге орналастырылады .

Арнаулы мекеменің аумағы, әдетте, одан оқушылар еркін шығып кете алмайтындағы етіп қоршалуға тиіс.

62. Арнаулы мекеменің оқу-тәрбие процесімен қамтамасыз ететін кешенді үйлері мен ғимараты болуы тиіс, белгіленген нормативтер бойынша жабдықталған оқушылардың оқу және тұрғын үйлері, денсаулық сақтау пункті мен карантин бөлімшесіне арналған үй-жайлар, асхана, клуб, спорт қалашығы, оқу-өндірістік шеберханалар, ауылдық оқу-тәжірибе шаруашылығы немесе бау шаруашылығы.

63. Арнаулы мекеме белгіленген тәртіп бойынша қажетті жеңіл және жук транспортымен, сондай-ақ оқушыларды тасымалдауға арналған автобустармен, қажетке қарай бөлінетін жанар-жағармай материалдармен қамтамасыз етіледі.

64. Оқушылар жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың шәкірттерін қамтамасыз ету нормаларына сәйкес тاماқпен, киіммен, аяқ киіммен, басқа да киім-кешек жабдығымен және үй-жайымен қамтамасыз етіледі.

Арнаулы мекеменің директорына кеңеспен келісе отырып, қолданылып жүрген нормаларда көзделген киім мен аяқ киімнің тізбегіне бір тәрбиеленушіні толық киіндіруге кететін киімнің құны шегінде ішінәра өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

65. Арнаулы мекеменің оқушыларына тапқан табысы 100 процент  
мөлшерінде төлеңеді.

Тапқан ақшалары оқушының дербес есебіне аударылады және оларға қажеттілігіне қарай белгіленген тәртіп бойынша беріледі.

66. Педагог қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қоғам мүлкін, ғимараттарды, оқу құрал жабдықтарын және басқа мектеп мүліктірін бұлдіргені үшін занға сәйкес мүліктік жауапкершілікке міндettі.

67. Арнаулы мекеме Қазақстан Республикасы Мемлекеттік статистика және талдау комитеті бекіткен нысандар бойынша статистикалық есеп тапсырады.

68. Арнаулы мекеменің Заңды тұлға ретінде мөрі, штампы, сондай-ақ белгіленген үлгіде аты жазылған тақтасы болады.

69. Арнаулы мекеменің құжаттары Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен үлгі нұсқауына сәйкес жүргізіледі.